

**«Банк ЦентрКредит» АҚ
Басқармасының
2018 жылғы «14» мамыр
№ 394 шешімімен
жаңа нұсқада мақұлданды**

**Одобрено в новой редакции
Решением Правления
АО «Банк ЦентрКредит»
№ 394 от «14» мая 2018г.**

**«Банк ЦентрКредит» АҚ
Директорлар кеңесінің
2018 жылғы «23» мамыр
№ 120 қаулысымен
жаңа нұсқада бекітілді**

**Утверждено в новой редакции
Советом Директоров
АО «Банк ЦентрКредит»
Постановлением № 120
от «23» мая 2018г.**

<p align="center">«Банк ЦентрКредит» АҚ кастодиандық қызметінің РЕГЛАМЕНТІ</p>	<p align="center">РЕГЛАМЕНТ кастодиальной деятельности АО «Банк ЦентрКредит»</p>
<p>1-бөлім. Жалпы қағида.</p> <p>2-бөлім. Регламентте қолданылатын негізгі анықтамалар мен ұғымдар.</p> <p>3-бөлім. Кастодиан-банкке қойылатын талаптар.</p> <p>4-бөлім. Кастодианның негізгі құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі.</p> <p>5-бөлім. Кастодианның есепке алу ұйымдарымен жүргізетін жұмысы.</p> <p>6-бөлім. Кастодианның функциялары:</p> <p>1-тарау. Клиентпен шарт жасау.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Клиентті тиісті дәрежеде сәйкестендіру. 2) Кастодиандық шарт. <p>2-тарау. Шоттар ашу.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Жеке шоттар ашу. 2) Ағымдағы банктік шоттар ашу. 3) Есепке алу ұйымдарында шоттар ашу. <p>3-тарау. Клиенттің жеке шотын жүргізу.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Клиенттің жеке шоты бойынша жүргізілетін операциялар. 2) Клиенттердің активтерін есепке алу. 3) Кастодианның құжаттары. 4) Клиенттермен ақпарат алмасу. 5) Кастодианның есепке алу жүйесіндегі деректерді Клиенттерді есепке алу жүйесіндегі деректермен салыстырып тексеру. 6) Кастодианның есепке алу жүйесіндегі деректерді есепке алу ұйымдарының деректерімен салыстырып тексеру. <p>4-тарау. Клиенттің шоттарын жабу.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Жеке шоттарды жабу. 2) Ағымдағы банктік шоттарды жабу. 3) Есепке алу ұйымдарындағы шоттарды жабу. 4) Клиенттердің активтерін беру. <p>7-бөлім. Ақпаратты жария ету.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Уәкілетті органдарға жария ету. 2) Өзге тұлғалар мен ұйымдарға жария 	<p>Раздел 1. Общие положения</p> <p>Раздел 2. Основные определения и понятия, используемые в Регламенте</p> <p>Раздел 3. Требования, предъявляемые к Банку – Кастодиану</p> <p>Раздел 4. Основные права, обязанности и ответственность Кастодиана</p> <p>Раздел 5. Работа Кастодиана с учетными организациями</p> <p>Раздел 6. Функции Кастодиана:</p> <p>Глава 1. Заключение договора с Клиентом</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Надлежащая идентификация Клиента 2) Кастодиальный договор <p>Глава 2. Открытие счетов</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Открытие лицевых счетов 2) Открытие текущих банковских счетов 3) Открытие счетов в учетных организациях <p>Глава 3. Ведение лицевого счета Клиента</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Операции, проводимые по лицевому счету Клиента 2) Учет активов Клиентов 3) Документы Кастодиана 4) Обмен информацией с Клиентами 5) Сверка данных системы учета Кастодиана с данными системы учета Клиентов 6) Сверка данных системы учета Кастодиана с данными учетных организаций <p>Глава 4. Заккрытие счетов Клиента</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Заккрытие лицевых счетов 2) Заккрытие текущих банковских счетов 3) Заккрытие счетов в учетных организациях 4) Передача активов Клиентов <p>Раздел 7. Раскрытие информации</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Уполномоченным органам 2) Иным лицам и организациям

<p>ету.</p> <p>8-бөлім. Кастодианның ішкі бақылау ережесі.</p> <p>1) Ақпаратты тіркеу, сақтау, қайта қалпына келтіру.</p> <p>2) Кастодианның штаттан тыс жағдайлардағы іс-әрекеттері.</p> <p>9-бөлім. Қосымшалардың нысандары.</p>	<p>Раздел 8. Правила внутреннего контроля Кастодиана</p> <p>1)Регистрация, хранение, восстановление информации</p> <p>2)Действия Кастодиана при внештатных ситуациях</p> <p>Раздел 9. Формы приложений</p>
<p>1-бөлім. Жалпы қағида</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Осы Кастодиандық қызмет регламенті (бұдан кейін Регламент деп аталады) кастодиандық қызмет көрсету жөнінде жасалған шарттың негізінде «Банк ЦентрКредит» АҚ (бұдан кейін Кастодиан немесе Банк деп аталады) пен Клиент арасындағы өзара қарым-қатынастар тәртібін белгілейді. 2. Осы Регламент Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының негізінде және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығындағы қызметті реттейтін нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына сәйкес әзірленген. 3. Сәйкес мамандандырылған бөлімшенің атынан Кастодиан (бұдан кейін Кастодиандық бөлімше деп аталады) Клиенттердің қаржы құралдары мен ақшаларының есебін жүргізу және сақтау, олар бойынша құқықтарды растау, клиенттердің құжаттамалық қаржы құралдарын сақтау бойынша функцияларды және кастодиандық қызметке жататын басқа да функцияларды орындайды. 4. Кастодиандық шартқа сәйкес Клиент Кастодианға берген ақша мен қаржы құралдары Кастодиандық қызметтің объектілері болып табылады. 5. Кастодиан өз қызметін Уәкілетті орган берген, көшірмесі Банктің сайтында орналастырылған банктік және өзге операциялар және бағалы қағаздар нарығында қызмет жүргізу туралы лицензияның негізінде, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына, Кастодианның ішкі қағидалары мен Процедураларына сәйкес жүзеге асырады. 6. Клиент пен Кастодианның құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, осы Регламент және кастодиандық қызмет көрсету бойынша жасалған шарт арқылы 	<p>Раздел 1. Общие положения</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Настоящий Регламент Кастодиальной деятельности (далее именуемый Регламент) определяет порядок взаимоотношений между АО «Банк ЦентрКредит» (далее именуемый Кастодиан или Банк) и Клиентом на основе заключенного договора на предоставление кастодиальных услуг. 2. Настоящий Регламент разработан на основе действующего законодательства Республики Казахстан и в соответствии с требованиями нормативных правовых актов Республики Казахстан, регулирующих деятельность на рынке ценных бумаг. 3. Кастодиан в лице соответствующего специализированного подразделения (далее именуемое Кастодиальное подразделение) выполняет функции по учету и хранению финансовых инструментов и денег Клиентов и подтверждения прав по ним, хранения документарных финансовых инструментов Клиентов и другие функции, относящиеся к кастодиальной деятельности. 4. Объектами Кастодиальной деятельности являются деньги и финансовые инструменты, переданные Кастодиану Клиентом в соответствии с кастодиальным договором. 5. Кастодиан осуществляет свою деятельность на основании лицензии на проведение банковских и иных операций и деятельности на рынке ценных бумаг, выданной Уполномоченным органом, копия которой размещена на сайте Банка, а так же в соответствии с законодательством Республики Казахстан, внутренними Положениями и Процедурами Кастодиана. 6. Права и обязанности Клиента и Кастодиана устанавливаются и регулируются действующим законодательством Республики Казахстан, настоящим Регламентом и заключенным договором на предоставление

<p>реттеледі.</p> <p>7. Кастодиан осы Регламентке сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы және Банктің Директорлар кеңесі осы өзгерістер мен толықтыруларды бекіткеннен кейін бұл жөнінде Клиентке міндетті түрде жазбаша хабарлауы тиіс.</p> <p>8. Кастодиан себептерін түсіндірместен Клиентпен іскерлік қарым-қатынастарға түспеу немесе іскерлік қарым-қатынастарды тоқтату құқығын өзіне қалдырады.</p> <p>9. Кастодиан өз Клиенттерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Клиенттер қабылдайтын инвестициялық шешімдер бойынша жауапкершілікті көтермейді.</p> <p>10. Заң жүзінде шешілген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында басқа атаулы ұстаушыға атаулы ұстау қызметтерін көрсетуге құқығы жоқ.</p> <p>11. Кастодианның сәйкес рейтинг агенттіктерінің заң жүзінде талап етілетін рейтингі болуы тиіс.</p>	<p>кастодиальных услуг.</p> <p>7. Кастодиан вправе внести в настоящий Регламент соответствующие изменения и дополнения и в обязательном порядке письменно уведомить об этом Клиента после утверждения данных изменений и дополнений Советом директоров Банка.</p> <p>8. Кастодиан оставляет за собой право не вступать в деловые отношения либо прекратить деловые отношения с Клиентом без объяснения причин.</p> <p>9. Кастодиан не отвечает по обязательствам своих Клиентов и не несет ответственности за принимаемые Клиентами инвестиционные решения.</p> <p>10. На территории Республики Казахстан Банк не вправе оказывать услуги номинального держания другому номинальному держателю, за исключением законодательно разрешенных случаев.</p> <p>11. Кастодиан должен иметь законодательно требуемый рейтинг соответствующих рейтинговых агентств.</p>
<p>2-бөлім. Регламентте қолданылатын негізгі анықтамалар мен ұғымдар</p> <p>ИБЖ –электрондық цифрлық қолтанбаны (ЭЦҚ) пайдалана отырып, жер шарының кез келген жерінен Интернет арқылы нақты уақыт режимінде банктік шоттарды басқаруға арналған жүйе.</p> <p>Клиенттің уәкілетті тұлғасы – Клиенттің атынан тиісті дәрежеде Кастодианға тапсырмалар/бұйрықтар беруге, салыстыру актілеріне, бұйрықтарға қол қоюға уәкілетті тұлға.</p> <p>Клиентті тиісті дәрежеде сәйкестендіру – КЖТҚІ бойынша заңда айқындалған Клиенттер, олардың өкілдері, бенефициарлық меншік иелері туралы мәліметтерді белгілеу бойынша, түпнұсқаларды және (немесе) тиісті дәрежеде куәландырылған көшірмелерді пайдалану арқылы осы мәліметтердің шынайылығын растау жөніндегі іс-шаралардың жиынтығы.</p> <p>Бенефициарлық меншік иесі – заңды тұлғаны тікелей немесе жанама түрде иеленетін немесе оның шешімдер қабылдауына елеулі түрде ықпал ететін тұлға немесе бірнеше тұлға.</p>	<p>Раздел 2. Основные определения и понятия, используемые в Регламенте</p> <p>СИБ - система, предназначенная для управления банковскими счетами в режиме реального времени через Интернет с использованием электронной цифровой подписи (ЭЦП) из любой точки земного шара.</p> <p>Уполномоченное лицо Клиента – лицо, соответствующим образом уполномоченное от имени Клиента отдавать поручения/приказы Кастодиану, подписывать акты сверок, приказы.</p> <p>Надлежащая идентификация Клиента - совокупность мероприятий по установлению определенных Законом по ПОДФТ сведений о Клиентах, их представителях, бенефициарных собственниках, по подтверждению достоверности этих сведений с использованием оригиналов и (или) надлежащим образом заверенных копий.</p> <p>Бенефициарный собственник - это лицо или несколько лиц, которые прямо или косвенно владеют юридическим лицом или оказывают существенное влияние на принятие им решений.</p>

<p>Инвестициялық декларация – инвестициялау объектілерінің тізбесін, инвестициялық қор активтеріне қатысты инвестициялық қызмет мақсатын, стратегиясын, шарттарын және оны шектеуді, қор активтерін хеджирлеу және әртараптандыру шарттарын айқындайтын құжат.</p> <p>Кастодианның Істер номенклатурасы – орындау үшін қабылданған және орындау міндетті болып табылатын, сақтау мерзімдері көрсетілген Кастодианның іс жүргізуіндегі істер атауларының жүйелендірілген тізбесі.</p> <p>Кастодианның БҚ – банк қызметін автоматтандыру құралдарының жиынтығы.</p> <p>Кастодианның уәкілетті органдары – өзінің лауазымдық міндеттеріне/қызметтеріне байланысты шешімдер қабылдауға, Банктің құжаттарын бекітуге уәкілетті алқалы орган немесе тұлға.</p> <p>Кастодианның уәкілетті тұлғасы – өзінің лауазымдық міндеттеріне/қызметтеріне байланысты Банктің атынан кастодианның құжаттарына қол қоюға/бұрыштама қоюға уәкілетті тұлға.</p> <p>Есепке алу ұйымдары – Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ, Жаһандық Кастодиан, клирингтік банктер (Euroclear, Clearstream және т.б.).</p> <p>Кастодианның ішкі ережелері мен процедуралары – қызметкерлердің/бөлімшелердің әрекет ету/бірігіп әрекет ету тәртібін регламенттейтін, Банк бөлімшелерінің мақсаты мен атқаратын қызметі және т.б. көрсетілген, міндетті түрде орындалуы тиіс қағида.</p> <p>Штаттан тыс жағдайлар – Кастодианға өз міндеттерін толық/ішінара орындауға мүмкіндік бермейтін техногендік сипаттағы жағдайлар, форс-мажор жағдайлары.</p>	<p>Инвестиционная декларация - документ, определяющий перечень объектов инвестирования, цели, стратегии, условия и ограничения инвестиционной деятельности в отношении активов инвестиционного фонда, условия хеджирования и диверсификации активов фонда.</p> <p>Номенклатура дел Кастодиана - принятый и обязательный для исполнения систематизированный перечень наименований дел в делопроизводстве Кастодиана, с указанием сроков их хранения.</p> <p>ПО Кастодиана - совокупность средств автоматизации банковской деятельности.</p> <p>Уполномоченные органы Кастодиана - коллегиальный орган или лицо, уполномоченный/ое в силу своих должностных обязанностей/ функций на принятие решений, утверждение документов Банка.</p> <p>Уполномоченное лицо Кастодиана - лицо, уполномоченное в силу своих должностных обязанностей/ функций на подписание/ визирование документов кастодиана от имени Банка.</p> <p>Учетные организации - АО «Центральный депозитарий ценных бумаг Республики Казахстан», Глобальный Кастодиан, клиринговые банки (Euroclear, Clearstream и пр.)</p> <p>Внутренние правила и процедуры Кастодиана - обязательные к исполнению положения, содержащие цели и функционал подразделений Банка и пр., регламентирующие порядок действия/ взаимодействия сотрудников/ подразделений.</p> <p>Внештатные ситуации - ситуации техногенной природы, форс - мажорные ситуации, не позволяющие Кастодиану полностью/ частично исполнять свои обязанности.</p>
<p>3-бөлім. Кастодианға қойылатын талаптар</p> <p>12. Кастодиандық және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында брокерлік/дилерлік қызметті жүзеге асыруды қатар атқаратын Кастодианға төмендегідей талаптар қойылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ұйымдық құрылымында бағалы қағаздар нарығында Кастодиандық қызметті жүзеге асыратын жеке бөлімшенің болуы; - Кастодиандық қызметті жүзеге асыратын бөлімшенің және осы бөлімшенің 	<p>Раздел 3. Требования, предъявляемые к Кастодиану</p> <p>12. Кастодиану, совмещающему осуществление Кастодиальной и брокерской / дилерской деятельности на рынке ценных бумаг Республики Казахстан, установлены следующие требования:</p> <ul style="list-style-type: none"> -наличие в организационной структуре отдельного подразделения, осуществляющего Кастодиальную деятельность на рынке ценных бумаг; -недопущение выполнения подразделением,

жұмыскерлерінің қаржы нарығындағы басқа қызмет түрлеріне жататын қызметтер мен міндеттерді орындауына, сонымен қатар осы бөлімшенің жұмыскерлерінің құқықтары мен өкілеттіктерін Кастодиандық қызметті жүзеге асырмайтын банктің бөлімшелерінің жұмыскерлеріне беруіне (табыстауына) жол бермеу;

- Кастодиандық қызметті жүзеге асыратын бөлімшеде кіру рұқсатын реттейтін жүйелері бар жеке жайлардың болуы;

- Кастодиандық қызметті жүзеге асыратын бөлімшеде Кастодиандық қызметті жүзеге асырмайтын банктің бөлімшелерінің есепке алу және құжат айналымы жүйесінен бөлек есепке алу және құжат айналымы жүйесінің болуы;

- Кастодиандық қызметті жүзеге асыратын банктің бөлімшесінің құжаттамасына және бағдарламалық-техникалық кешендеріне (соның ішінде электрондық деректер ауқымына) банктің басқа бөлімшелерінің жұмыскерлерінің кіруіне жол бермеу;

- банктің басшы жұмыскерлерінің және қызметкерлерінің (өз лауазымдарына және оларға берілген құқықтар мен өкілеттіктерге байланысты ақпарат алуға рұқсаты бар) Кастодиандық бөлімшедегі ақпаратты қызметтік міндеттеріне банкте ішкі аудит жүргізуді, банк қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актілерінің, банктің ішкі ережелері мен процедураларының талаптарына сәйкестігін ішкі бақылауды ұйымдастыру және оны жүзеге асыру кіретін бөлімшелердің жұмыскерлерін қоспағанда, банктің басқа бөлімшелерінің жұмыскерлеріне бермеуі.

13. Заң жүзінде шешілген жағдайларды қоспағанда, Кастодиан өз Клиентінің үлестес тұлғасы болмауы тиіс.

14. Кастодианның қызметкерлері Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сай болуға, сонымен қатар Банктің талаптарына сәйкес болуға міндетті.

15. Кастодианның Клиент сеніп тапсырған қаржы құралдарын өз мүддесінде пайдалануға, сонымен қатар оларды өз міндеттемелері және өзінің үлестес тұлғаларының міндеттемелері бойынша пайдалануға, кепілге қоюға және көрсетілген активтерге қатысты Қазақстан

осуществляющим Кастодиальную деятельность, и работниками данного подразделения функций и обязанностей, относящихся к иным видам деятельности на финансовом рынке, а также передачи (делегирования) прав и полномочий работников данного подразделения работникам подразделений банка, не осуществляющим Кастодиальную деятельность;

-наличие у подразделения, осуществляющего Кастодиальную деятельность, отдельных помещений с системами регулируемого доступа к ним;

-наличие у подразделения, осуществляющего Кастодиальную деятельность, системы учета и документооборота, отдельной от системы учета и документооборота подразделений Банка, не осуществляющих Кастодиальную деятельность;

-недопущение доступа работникам других подразделений банка к документации и программно-техническим комплексам (в том числе к электронным массивам данных) подразделения банка, осуществляющего Кастодиальную деятельность;

-непредставление руководящими работниками и сотрудниками Банка информации, имеющейся у Кастодиального подразделения (к которой они имеют доступ в силу своей должности или представленных им прав и полномочий), работникам других подразделений банка, кроме работников подразделений, в функции которых входит организация и осуществление внутреннего аудита в банке, внутреннего контроля за соответствием деятельности банка требованиям законодательства Республики Казахстан, в том числе нормативных правовых актов уполномоченного органа, внутренних правил и процедур банка.

13. Кастодиан не должен являться аффилированным лицом своего Клиента, за исключением законодательно разрешенных случаев.

14. Сотрудники Кастодиана обязаны соответствовать требованиям законодательства РК, а также соответствовать требованиям Банка.

15. Кастодиан не вправе использовать вверенные ему финансовые инструменты Клиентов в своих интересах, в том числе отвечать ими по своим обязательствам и обязательствам своих аффилированных лиц, закладывать и совершать в отношении

<p>Республикасының заңнамасында көзделмеген іс-әрекеттер жасауға құқығы жоқ.</p> <p>16. Кастодианның міндеттемелері бойынша Кастодианның Клиенттеріне тиесілі қаржы құралдарына өндіріп алу қолдануға рұқсат етілмейді.</p>	<p>указанных активов действия, не предусмотренные законодательством Республики Казахстан.</p> <p>16. Не допускается обращение взысканий по обязательствам Кастодиана на финансовые инструменты, принадлежащие его Клиентам.</p>
<p>4-бөлім. Кастодианның негізгі құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі</p> <p>17.Өз міндеттерін іске асыру мақсатында Кастодиан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Кастодиандық қызмет көрсетуге берілген эмиссиялық бағалы қағаздарды номиналды ұстауды жүзеге асырады; 2) Кастодиандық қызмет көрсетуге берілген активтерді есепке алуды және сақтауды, сонымен қатар мәмілелер жасаған кезде олардың болуын қамтамасыз етеді; 3) Кастодиандық қызмет көрсетуге берілген эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша төлем агентінің қызметін көрсетеді; 4) Клиенттің эмиссиялық бағалы қағаздарымен жасалатын мәмілелерді тіркейді және оның осы бағалы қағаздар бойынша құқықтарын растайды; 5) Кастодиандық қызмет көрсетуге берілген Клиенттердің эмиссиялық бағалы қағаздары және өзге активтері бойынша кірісті алады және оны Клиенттердің шоттарына аударады; 6) Клиенттердің активтерінің меншікті активтерге қатынасы бойынша ерекше сақталуын және есепке алынуын қамтамасыз етеді; 7) Клиенттердің шоттарын жүргізу және эмиссиялық бағалы қағаздарын және өзге активтерін есепке алу технологиясын сақтайды; 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Клиенттің инвестициялық декларациясында белгіленген тәртіппен өз Клиенттерінің активтерімен жасалған мәмілелердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін бақылайды, оның ішінде ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің, инвестициялық қорлардың активтерінің және арнайы қаржы компаниясының активтерінің мақсатты орналастырылуын (пайдаланылуын) бақылайды; 9) Клиенттердің активтерінің мақсатты 	<p>Раздел 4. Основные права, обязанности и ответственность Кастодиана</p> <p>17. В целях реализации своих обязанностей Кастодиан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1)осуществляет номинальное держание эмиссионных ценных бумаг, переданных на Кастодиальное обслуживание; 2)обеспечивает учет и хранение активов, переданных на Кастодиальное обслуживание, а также их наличие при совершении сделок; 3)оказывает услуги платежного агента по сделкам с эмиссионными ценными бумагами и иными финансовыми инструментами, переданными на Кастодиальное обслуживание; 4)регистрирует сделки с эмиссионными ценными бумагами Клиента и подтверждает его права по данным ценным бумагам; 5)получает доходы по эмиссионным ценным бумагам и иным активам Клиентов, переданным на Кастодиальное обслуживание, и зачисляет их на счета Клиентов; 6)обеспечивает обособленное хранение и учет активов Клиентов по отношению к собственным активам; 7)соблюдает технологию ведения счетов и учета эмиссионных ценных бумаг и иных активов Клиентов; 8)осуществляет контроль соответствия сделок с активами своих Клиентов законодательству Республики Казахстан, в том числе контролирует целевое размещение (использование) пенсионных активов добровольных накопительных пенсионных фондов, активов инвестиционных фондов и активов специальной финансовой компании в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан и инвестиционной декларацией Клиента; 9)при выявлении несоответствия структуры

<p>орналастыру (пайдалану) құрылымына (құрамына) және/немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкессіздігі анықталған жағдайда, Кастодиан заңнамада белгіленген мерзімдерде Уәкілетті органға, Клиентке және Клиенттің инвестициялық басқарушысына бұл жөнінде хабарлама жібереді;</p> <p>10) Клиенттерге жүйелі түрде және олардың алғашқы талабы бойынша Клиенттердің шоттарының жай-күйі туралы есептілік беріп отырады;</p> <p>11) Клиенттердің Кастодианның есепке алу жүйесінде Клиенттер ашқан шоттарда тұрған активтері туралы ақпараттың конфиденциалдылығын қамтамасыз етеді және бағалы қағаздар эмитенттерінің және Есепке алу ұйымдарының тапсырмасы бойынша Клиенттерге ақпарат береді;</p> <p>12) Уәкілетті орган сұраған ақпаратты беріп отырады;</p> <p>13) Кастодиандық шартта көзделген өзге қызметтерді көрсетеді;</p> <p>14) жасалған Кастодиандық шартты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі және Банктің ақпаратты қорғау талаптарына сәйкестігі бойынша келісімге алады;</p> <p>15) Кастодиандық шарттың талаптарын, сонымен қатар Клиенттің бұйрықтарын/тапсырмаларын олардың мазмұнына сәйкес орындайды;</p> <p>16) Клиент активтерінің құнының, қозғалысының және құрамының заңнамаға және кастодиандық шарттың талаптарына сәйкес келетін есебін жүргізеді;</p> <p>17) акциялардың және инвестициялық қорлардың пайлары құнының есебін, акциялар мен инвестициялық қорлардың пайларын орналастыру және сатып алу бойынша барлық операциялардың есебін жүргізеді;</p> <p>18) жүйелі түрде, бірақ ең кемі айына бір рет Клиенттермен активтердің құнын, қозғалысын және құрамын салыстырып тексереді;</p> <p>19) Кастодиандық шарт бұзылған немесе оның мерзімі аяқталған жағдайларда, Клиенттің активтерін және қажетті құжаттарын жаңа Кастодианға немесе Есепке алу ұйымына береді;</p> <p>20) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге міндеттерді орындайды;</p> <p>21) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, қызметтік, коммерциялық немесе</p>	<p>(состава) активов Клиентов целевому размещению (использованию) и/или требованиям законодательства Республики Казахстан, Кастодиан в определенные законодательством сроки направляет уведомление об этом в Уполномоченный орган, Клиенту и инвестиционному управляющему Клиента;</p> <p>10)представляет отчетность Клиентам о состоянии их счетов на регулярной основе и по первому их требованию;</p> <p>11)обеспечивает конфиденциальность информации об активах Клиентов, находящихся на счетах, открытых Клиентам в системе учета Кастодиана, и передает информацию Клиентам по поручению эмитентов ценных бумаг и учетных организаций;</p> <p>12)представляет запрашиваемую Уполномоченным органом информацию;</p> <p>13)оказывает иные услуги, предусмотренные Кастодиальным договором;</p> <p>14)согласовывает заключенный Кастодиальный договор на соответствие законодательству Республики Казахстан и на соответствие требованиям защиты информации Банка;</p> <p>15)исполняет условия кастодиального договора, а также приказы/поручения Клиента в соответствии с их содержанием;</p> <p>16) осуществляет соответствующий требованиям законодательства и условиям кастодиального договора учет стоимости, движения и состава активов Клиента;</p> <p>17) ведет расчет стоимости акций и паев инвестиционных фондов, учет всех операций по размещению и выкупу акций и паев инвестиционных фондов;</p> <p>18) осуществляет периодическую, но не реже чем один раз в месяц сверку с Клиентами стоимости, движения и состава активов;</p> <p>19) передает активы Клиента и необходимые документы новому Кастодиану либо Учетной организации в случаях расторжения кастодиального договора либо его завершения;</p> <p>20) исполняет иные обязанности, предусмотренные действующим законодательством Республики Казахстан;</p> <p>21) не разглашает сведения, составляющие служебную, коммерческую или иную</p>
---	--

заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын мәліметтерді жария етпейді;

22) Кастодиан Клиенттің жазбаша сауалы бойынша заңда белгіленген мерзімдерде Клиентке келесі құжаттарды танысу үшін береді:

- бағалы қағаздар нарығында Кастодиандық қызметті жүзеге асыруды реттейтін уәкілетті органның Қағидаларының және өзге нормативтік-құқықтық актілерінің көшірмелері;

- Кастодианның бірінші басшысы немесе оның орнын алмастыратын тұлға қол қойған және Кастодиан мөрінің бедерімен куәландырылған ішкі құжаттардың көшірмелері;

- Кастодианның соңғы есептік кезеңдегі қаржылық есептілігі;

- пруденциялық нормативтерді сақтау туралы мәліметтер;

- Уәкілетті органның соңғы он екі күнтізбелік ай ішінде Кастодианға және (немесе) оның басшы жұмыскеріне қолданған ықпал етудің шектеулі шаралары мен санкциялар туралы мәліметтер.

18. Кастодиан:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмеген жағдайда, Клиенттің бұйрықтарын/тапсырмаларын орындамауға және орындау үшін активтің жеткілікті көлемі болмаған жағдайда, Клиенттің инвестициялық декларациясын орындамауға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша белгіленген жағдайларда немесе Есепке алу ұйымдарының сәйкес үзінді көшірмесінің/есебінің негізінде Клиенттің бұйрығынсыз/тапсырмасынсыз Клиенттің жеке шоты бойынша операциялар жүргізуге;

3) келесі жағдайларда, яғни:

- Клиент Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және осы Регламентті бұзған кезде;

- Уәкілетті органның тарапынан сәйкес хабарлама алған кезде, қаржы құралдарының есебі бойынша Клиенттің шотына қатысты жұмысты тоқтатуға;

4) Кастодиан ұсынған шоттар бойынша уақытылы төлем жасамағаны үшін Клиентке жасалған кастодиандық шартқа сәйкес өсімпұл есептеуге;

5) Клиентке алдын ала жазбаша хабарлай отырып, тарифтерді өзгертуге құқылы.

19. Кастодианның жауапкершілігі:

1) Кастодиан Қазақстан Республикасының

охраняемую законом тайну, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан.

22) Кастодиан по письменному запросу Клиента, в определенные законодательством сроки, представляет Клиенту для ознакомления:

-копии Правил и иных нормативных правовых актов уполномоченного органа, регулирующих осуществление Кастодиальной деятельности на рынке ценных бумаг;

-копии внутренних документов, подписанных первым руководителем Кастодиана или лицом, его замещающим, и заверенных оттиском печати Кастодиана;

-финансовую отчетность Кастодиана за последний отчетный период;

-сведения о соблюдении пруденциальных нормативов;

-сведения об ограниченных мерах воздействия и санкциях, примененных Уполномоченным органом к Кастодиану и (или) его руководящим работникам в течение последних двенадцати последовательных календарных месяцев.

18. Кастодиан имеет право:

1) не исполнять приказы/ поручения Клиента в случае их несоответствия законодательству Республики Казахстан и инвестиционной декларации Клиента, в случае отсутствия достаточного количества актива для их исполнения;

2)проводить операции по лицевому счету Клиента без приказа/ поручения Клиента в случаях, установленных законодательством Республики Казахстан либо на основании соответствующей выписки/ отчета Учетных организаций;

3) приостановить работу по счету Клиента по учету финансовых инструментов в следующих случаях:

-при нарушении Клиентом действующего законодательства Республики Казахстан и настоящего Регламента;

-при получении соответствующего уведомления со стороны Уполномоченного органа;

4) начислять в соответствии с заключенным кастодиальным договором пеню за несвоевременную оплату Клиентом счетов, выставленных Кастодианом;

5) изменять тарифы с предварительным письменным уведомлением Клиента.

19. Ответственность Кастодиана:

1) Кастодиан несет ответственность за

<p>заңнамасында, осы Регламентте және Кастодиандық шарттың талаптарында қарастырылған өз міндеттерін орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін және осының салдарынан Клиентке келтірген залал үшін жауап береді;</p> <p>2) Кастодиан өзіне тәуелсіз себептер бойынша өз міндеттерін орындамағаны/тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап бермейді;</p> <p>3) Кастодиан үшінші тұлғалардың кінәсі бойынша Клиентке келтірілген залал үшін жауап бермейді;</p> <p>4) Егер салықтар, айыппұлдар, өсімпұлдар және басқа да қосымша шығыстар Клиент қабылдаған инвестициялық шешімдерге тікелей байланысты болса, онда Кастодиан мұндай шығыстар үшін жауап бермейді;</p> <p>5) Кастодианның Клиенттердің қаржы құралдары мен ақшасын түгел сақтау және есепке алу бойынша жауапкершілігі көрсетілген активтер Клиенттің Кастодианда ашылған жеке шотына нақты берілген сәттен басталады.</p>	<p>неисполнение либо ненадлежащее исполнение своих обязанностей, предусмотренных законодательством Республики Казахстан, настоящим Регламентом и условиями кастодиального договора и причиненные вследствие этого Клиенту убытки;</p> <p>2) Кастодиан не несет ответственность за неисполнение/ ненадлежащее исполнение своих обязанностей по не зависящим от Кастодиана причинам;</p> <p>3) Кастодиан не несет ответственность за причиненный Клиенту ущерб по вине третьих лиц;</p> <p>4) Кастодиан не несет ответственность за налоги, штрафы, пени, и иные дополнительные расходы, если такие расходы непосредственно связаны с принятыми Клиентом инвестиционными решениями;</p> <p>5) Ответственность Кастодиана за сохранность и учет финансовых инструментов и денег Клиентов наступает с момента фактической передачи указанных активов на лицевой счет Клиента в Кастодиане.</p>
<p>5-бөлім. Кастодианның есепке алу ұйымдарымен жүргізетін жұмысы</p> <p>20. Кастодиан өзінің функционалдық міндеттерін орындау үшін, қажет болған жағдайда, Есепке алу ұйымдарымен шарттар жасайды.</p> <p>21. Клиенттің активтерін есепке алу және сақтау үшін, Кастодиан Клиенттің жазбаша өтініші бойынша немесе ҚР заңнамасының талабы бойынша Есепке алу ұйымдарында өзінің әрбір клиентінің атына бөлек субшоттарды ашады.</p> <p>22. Бағалы қағаздар нарығында Клиенттің мәмілелері бойынша есеп айырысу жүргізу мақсатында Кастодиан осы Есепке алу ұйымдарының талаптарына сәйкес Клиенттерге жеке корреспонденттік шоттар ашады.</p> <p>23. Клиент Кастодианға Есепке алу ұйымының талабы бойынша Клиентті сәйкестендіру үшін жеткілікті болатын барлық қажетті құжаттар мен мәліметтерді береді.</p> <p>24. Клиенттердің Есепке алу ұйымдарындағы субшоттары бойынша операцияларды Кастодиан Клиенттердің бұйрықтары / тапсырмалары негізінде немесе, Эмитенттер корпоративтік іс-әрекеттер жасаған кезде, Есепке алу ұйымдары өз бетінше жүргізеді, кейін Кастодиан осы операцияларды өзінің есепке алу жүйесінде</p>	<p>Раздел 5. Работа Кастодиана с учетными организациями</p> <p>20. Для исполнения своих функциональных обязанностей, Кастодиан, по мере необходимости, заключает договора с Учетными организациями.</p> <p>21. Для учета и хранения активов Клиентов, Кастодиан, по письменному запросу Клиента или по требованию законодательства РК открывает на имя каждого своего Клиента отдельные субсчета в Учетных организациях.</p> <p>22. Для целей расчета по сделкам Клиентов на рынке ценных бумаг, Кастодиан, в соответствии с требованиями данных Учетных организаций, открывает для Клиентов отдельные корреспондентские счета.</p> <p>23. Клиент предоставляет Кастодиану все необходимые документы и сведения для достаточной по требованию Учетной организации идентификации Клиента.</p> <p>24. Операции по субсчетам Клиентов в Учетных организациях проводятся Кастодианом на основании приказов/ поручений Клиентов либо Учетными организациями самостоятельно, в случае корпоративных действий Эмитентов, с последующим соответствующим отражением данных операций Кастодианом в своей</p>

<p>тиісті түрде көрсетеді.</p> <p>25. Есепке алу ұйымының есебі немесе Клиенттің субшотынан жасалған үзінді көшірме Клиенттердің Есепке алу ұйымдарындағы субшоттары бойынша жүргізілген операцияны өзекті түрде көрсету үшін негіздеме болып табылады.</p> <p>26. Кастодианның есепке алу жүйесінің деректерін Есепке алу ұйымдарының деректерімен салыстырып тексеру SWIFT жүйесі арқылы немесе осы ұйымдармен жасалған шартта көзделген басқа байланыс құралдары арқылы айына кемінде бір рет жүзеге асырылады.</p> <p>Бұл салыстырып тексеру – Кастодианның Клиенттеріне тиесілі және Клиенттердің Есепке алу ұйымдарындағы субшоттарында жатқан қаржы құралдарының қалдықтарын Кастодианның есепке алу жүйесінің деректерімен салыстырып тексеру болып табылады.</p> <p>27. Салыстырып тексеру нәтижелері бойынша сәйкессіздіктер болған жағдайда, салыстырып тексеруді жүргізген тараптар оларды жою бойынша шаралар қолданады және бұл жөнінде сәйкессіздік анықталған күннен кейінгі жұмыс күні ішінде уәкілетті органға хабарлайды.</p> <p>28. Кастодиан Клиенттің Есепке алу ұйымдарында сақтауда болатын эмиссиялық бағалы қағаздарының және басқа да қаржы құралдарының сақталуы мен сенімді есебін қамтамасыз етеді.</p>	<p>системе учета.</p> <p>25. Основанием для актуального отражения операции, проведенной по субсчетам Клиентов в Учетных организациях, в системе учета Кастодиана является отчет Учетной организации либо выписка с субсчета Клиента.</p> <p>26. Сверка данных системы учета Кастодиана с данными Учетных организаций осуществляется через систему SWIFT либо другими средствами связи, предусмотренными договором с данными организациями не реже одного раза в месяц.</p> <p>Данная сверка заключается в сверке остатков финансовых инструментов, принадлежащих Клиентам Кастодиана и находящихся на субсчетах Клиентов в Учетных организациях по состоянию на дату проведения сверки, с данными системы учета Кастодиана.</p> <p>27. В случае если по результатам сверки имеются расхождения, стороны, осуществлявшие сверку, принимают меры по их устранению и в течение одного рабочего дня, следующего за датой выявления несоответствия, уведомляют об этом уполномоченный орган.</p> <p>28. Кастодиан обеспечивает сохранность и достоверный учет эмиссионных ценных бумаг и иных финансовых инструментов Клиентов, находящихся на хранении в Учетных организациях.</p>
<p align="center">6-бөлім. Кастодианның функциялары 1-тарау. Клиентпен шарт жасау</p> <p>1) Клиентті тиісті дәрежеде сәйкестендіру</p> <p>29. Клиентпен кастодиандық шарт Кастодиан «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы Заңына сәйкес шаралар қолданғаннан кейін жасалады.</p> <p>30. Тексеруді тиісті дәрежеде жүргізу мақсатында Клиент Кастодианға келесі құжаттарды ұсынады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Клиентті мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманың немесе куәліктің көшірмесі; • Клиенттің салық резиденттігін 	<p align="center">Раздел 6. Функции Кастодиана Глава 1. Заключение договора с Клиентом</p> <p>1) Надлежащая идентификация Клиента</p> <p>29. Кастодиальный договор с Клиентом заключается после принятия Кастодианом мер по надлежащей проверке, предусмотренных <u>Законом</u> Республики Казахстан от 28 августа 2009 года «О противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма».</p> <p>30. Для целей надлежащей проверки, Клиент предоставляет Кастодиану следующие документы:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Копия справки или свидетельства о государственной регистрации Клиента • Копия документа, подтверждающего

<p>куәландыратын құжаттың көшірмесі;</p> <ul style="list-style-type: none"> • Клиенттің құрылтай құжаттары; • Клиенттің төлқұжатының / жеке куәлігінің көшірмесі. <p>Кастодиан сәйкестендіру мақсаттары үшін Клиенттен қосымша құжаттарды талап ету құқығын өзіне сақтайды.</p> <p>2) Кастодиандық шарт</p> <p>31. Кастодиан мен Клиент арасында Кастодиандық шарт жасауға Клиент бастамашы болып табылады.</p> <p>Кастодиан резиденттік белгісі бойынша Клиентпен Кастодиандық шарт жасаудан бас тартпайды.</p> <p>32. Кастодиандық шарт шарттың тараптары арасында жазбаша түрде қазақ және орыс тілдерінде жасалады.</p> <p>33. Кастодиандық шартқа оның мазмұнына заңнамада белгіленген талаптарға қоса:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Кастодианның бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны сақтау жөніндегі міндеттемесі; 2) Кастодианның Клиент алдындағы есеп беру нысаны мен кезеңділігі; 3) Клиентке активтерді қайтару немесе Клиенттің активтерін жаңа Кастодианға беру тәртібі; 4) салыстырып тексерудің тәртібі мен кезеңділігі; 5) Кастодиандық шартты бір тараптың бастамасы бойынша және (немесе) кастодиандық қызметті жүзеге асыруға уәкілетті орган берген Кастодианның лицензиясының қолданысы тоқтатылғаннан кейін бұзу тәртібі мен талаптары; 6) уәкілетті органға резервтік көшірмелердің нақты болуы мен мазмұнын тексеруге мүмкіндік беретін талаптар; 7) Кастодианның Кастодиандық қызметті реттейтін ішкі құжаттарымен танысқаны туралы Клиенттің белгісі; 8) Кастодианның ішкі құжаттарына сәйкес басқа қағидалар кіреді. <p>34. Кастодиан кастодиандық қызмет көрсетуге белгіленген тарифтердің өзгергені туралы Клиентке Кастодиандық шартта белгіленген тәртіппен, олар күшіне енген күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей хабарлайды.</p>	<p>налоговое резидентство Клиента</p> <ul style="list-style-type: none"> • Учредительные документы Клиента • Копия паспорта/удостоверения личности Клиента <p>Кастодиан оставляет за собой право на требование дополнительных документов от Клиента для целей идентификации.</p> <p>2) Кастодиальный договор</p> <p>31. Инициатором заключения Кастодиального договора между Кастодианом и Клиентом является Клиент.</p> <p>Кастодиан не отказывает Клиенту в заключении Кастодиального договора по признаку резидентства.</p> <p>32. Кастодиальный договор заключается в письменной форме на казахском и русском языках между сторонами договора.</p> <p>33. Кастодиальный договор, помимо законодательно установленных требований к его содержанию, содержит:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) обязательство Кастодиана по соблюдению коммерческой тайны на рынке ценных бумаг; 2) форму и периодичность отчетности Кастодиана перед Клиентом; 3) порядок возврата активов Клиенту либо передачи активов Клиента новому Кастодиану; 4) порядок проведения и периодичность сверок; 5) порядок и условия расторжения Кастодиального договора по инициативе одной из сторон и (или) при прекращении действия выданной уполномоченным органом лицензии Кастодиана на осуществление Кастодиальной деятельности; 6) условия, позволяющие уполномоченному органу проверить фактическое наличие и содержание хранящихся резервных копий; 7) отметку Клиента об ознакомлении с внутренними документами Кастодиана, регулирующими Кастодиальную деятельность; 8) иные положения в соответствии с внутренними документами Кастодиана. <p>34. Кастодиан уведомляет Клиента об изменении тарифов на оказание Кастодиальных услуг не позднее, чем за тридцать календарных дней до даты вступления их в действие в порядке, установленном Кастодиальным договором.</p>
---	---

35. Кастодиандық шарттың барлық қолданыс мерзімі ішінде Кастодиан Клиентке:

1) Кастодианның пруденциалдық нормативтерді сақтамау фактілері;

2) Кастодианның бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметті жүзеге асыруға лицензиясының қолданылуын тоқтата тұру (жанарту), сондай-ақ одан айыру;

3) Клиенттің бұйрығы бойынша қаржы құралдарымен мәмілелерді тіркеген (Кастодианның есепке алу жүйесінде операциялар жасаған) кезде мүдделер қақтығысының туындау фактілері;

4) Клиенттің активтерімен жасалатын операцияларға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулер мен ерекше талаптар;

5) Клиенттің бұйрығында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіптің сәйкессіздігі жөнінде хабарлап тұрады.

36. 35-тармақта көрсетілген хабарламалар жазбаша түрде ресімделеді және Кастодиандық Келісімде және осындай хабарламаны жіберу үшін себеп пайда болған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей Кастодианның ішкі құжаттарында көрсетілген кез келген байланыс түрімен Клиенттерге жіберіліп, Кастодианның шығыс хат-хабарлар журналдарында тіркеледі.

37. Кастодиандық шартты бұзудың бастамашысы шарттың басқа тараптарын Кастодиандық шартта белгіленген мерзімде хабардар етеді.

